

## Кемелерді лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 5 қыркүйектегі № 646 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 6 желтоқсанда № 14484 болып тіркелді.

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 45-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 281 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Кемелерді лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә.А. Асавбаев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың көшірмелерін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қағаз және электрондық түрде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Қорғаныс министрі  
\_\_\_\_\_ С. Жасұзақов  
2016 жылғы 25 қазан

"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік  
комитетінің төрағасы  
\_\_\_\_\_ К. Мәсімов  
2016 жылғы 10 қазан  
Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму  
Министрінің  
2016 жылғы 5 қыркүйектегі  
№ 646 бұйрығымен  
бекітілген

## **Кемелерді лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Кемелерді лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 45-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және кемелердің жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кемелердің оқиғаларға ұшырауын болғызбау және қоршаған ортаны қорғау мақсатында кемелерді лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) кемелерді лоцмандық алып өту – лоцман жүзеге асыратын кемелерді алып өту;
- 2) лидирлеу тәсілі – лоцмандық кеме алып өтетін кеме менің алдында фарватер арқылы жүзіп, ал алып өтетін кеме оның артынан еріп жүрген жағдайдағы кемелерді лоцмандық алып өту тәсілі;
- 3) лоцман – кеме мені арқанға байлайтын, зәкірге қоятын және портта кемелердің орнын ауыстыратын жерге қауіпсіз жеткізу саласында белгілі бір білімі мен дағдылары бар маман;
- 4) лоция – белгілі бір су бассейні ерекшеліктерінің толық сипаттамасы бар навигациялық құрал, ішіне айрықшаланған жерлер, белгілер мен жағалар сипаттамалары кіреді, сондай-ақ жүзудің қауіпсіз жолдары бойынша толық нұсқаулары, белгіленген акваториядағы гидрологиялық және метеорологиялық жағдайлары көрсетіледі;

5) лоцмандық кеме – лоцмандардың кезекшілік ету және кемелерді алып өту үшін, сондай-ақ лоцмандарды алып өтетін кемелерге жеткізу мен олардан түсіру үшін қолданылатын кеме;

6) шағын көлемді кеме – балық аулау, жүктерді тасымалдау, сүйретіп жүзу, пайдалы қазбаларды іздеуді, барлауды және өндіруді, құрылыс, жол, гидротехникалық және басқа да осыған ұқсас жұмыстарды, лоцмандық және мұзжарғышқа ілестіріп алып өтуді жүргізу, сондай-ақ су объектілерін ластанудан және қоқыстанудан қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін жасалған немесе жабдықталған кемелерден басқа, ұзындығы жиырма метрден аспайтын, бортына алуға рұқсат етілген адамдар саны он екі адамнан аспайтын кеме.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын түсініктер мен ұғымдар Заңға сәйкес қолданылады.

3. Порттың теңіз әкімшілігі құзырет шегінде лоцмандық қызмет көрсету жұмысына бақылау жасауды және қадағалауды жүзеге асырады.

4. Қызметкері лоцман болып табылатын ұйым, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лоцмандық куәліктің (бұдан әрі – лоцмандық куәлік) берілуін Порттың теңіз әкімшілігімен келіседі.

5. Сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы уәкілетті орган кемелерді лоцмандық алып өтудің міндетті аудандары мен міндетті емес аудандарын белгілейді және мұндай аудандарды теңіз порттары мен лоцияларына жалпыға бірдей ақпарат етіп жеткізеді.

## **2-тарау. Кемелерді лоцмандық алып өту тәртібі**

### **1-параграф. Кемелерді міндетті лоцмандық алып өту**

6. Осы Қағидалардың 7-тармағына сәйкес міндетті лоцмандық алып өтуден босатылатын кемелер санаттарын қоспағанда, кемелерді міндетті лоцмандық алып өту аудандарында кеме лоцмансыз жүзуді жүзеге асырмайды.

7. Кемелерді міндетті лоцмандық алып өтуден кемелердің келесі санаттары босатылады:

- 1) әскери кемелер;
- 2) әскери-қосалқы кемелер;
- 3) шекаралық корабльдер;
- 4) порттық немесе порттағы басқа қызметтерді көрсетуге арналған кемелер;
- 5) шағын көлемді кемелер;

6) кемелерді лоцмандық алып өтудің міндетті ауданында жалпы сыйымдылығы 3000 және одан артық тіркелімді тонна кемелерінде жүзу тәжірибесі кемінде 24 ай болатын капитандар басқаруымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кемелер.

Егер осы кемелер жүзуді осы тармақтың 6) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін капитандардың басқаруында жүзеге асыратын болса, онда кеме иесі немесе теңіз агенті кемеінің кемелерді міндетті лоцмандық алып өту ауданына кіруден 3 тәулік бұрын Порттың теңіз әкімшілігіне растайтын құжаттарды ұсынады.

8. Лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру үшін лоцман:

1) лоцмандық кемемен немесе тікұшақпен, не кемелерді лоцмандық алып өту ауданның ұзындығына және ұзақтығына, кеме қатынасының қарқындылығына, гидрометеорологиялық және басқа да кемелерді лоцмандық алып өту аудан ерекшеліктеріне сүйене отырып, қажетті техникалық сипаттамалары бар және жарамды жағдайдағы кемеге лоцманды қауіпсіз отырғызуды және түсіруді қамтамасыз ететін, лоцманның жағалаудан кемеге жеткізудің басқа құралдармен;

2) кемелермен, теңіз порты қызметтерімен, кемелер жүрісін басқару жүйелерімен (бұдан әрі – КЖБЖ) қажетті байланыс құралдармен;

3) КЖБЖ және порт қызметтерінің ақпараттық базамен ұштаса байланысқан кемелерді позициялау және идентификациялау жеке жүйелерімен;

4) телефон байланысымен және ұйымдастыру техникасымен жабдықталған, лоцмандардың жұмысы мен демалысына арналған үй-жайлармен;

5) лоцмандарды техникалық оқытуын өткізу үшін арналған үй-жайлармен және жабдықтармен;

6) кемелерді лоцмандық алып өту ауданына арналған теңіз навигациялық карталармен және құралдармен;

7) кемелерді лоцмандық алып өту ауданы бойынша навигациялық, гидрометеорологиялық және гидрографиялық ақпаратпен;

8) лоцмандық қызметке байланысты қажетті құжаттармен, оның ішінде лоцмандық куәлікпен;

9) кемелерді лоцмандық алып өту ауданның климаттық жағдайларына сәйкес арнайы киіммен;

10) жеке құтқару құралдармен және жеке байланыс құралдармен;

11) алғашқы жәрдем көрсетудің медициналық құралдармен қамтылады.

9. Лоцман бір мезгілде бір кемеден артық кемелерді лоцмандық алып өтуді жүзеге асырмайды.

10. Кемелерді лоцмандық алып өту порттың диспетчерлік қызметіне кемелерді лоцмандық алып өту ауданына кірместен бұрын 24 сағатқа дейін кеме капитаны беретін өтінім бойынша жүзеге асырылады, онда келесі мәліметтер көрсетіледі: кеме атауы, оның сипаттамалары (ұзындығы, ені, отыруы, діңгектің судың үстіндегі биіктігі, жылдамдығы, рульдеу құралдарының бар болуы және тағы басқалар), шақыру белгілері, отыруы жөнінде мәліметтері, жүктелуі, орнықтылық және суға батпайтындығы, маневр жасау сипаттамалары және басқарылу ерекшеліктері, кеме теңіз агентінің атауы.

Бұдан кейінгі лоцмандық алып өту ауданына кіру уақытын кеме капитаны кіруге дейінгі 12, 4 және 1 сағат бұрын нақтылайды.

Лоцманды қабылдайтын жерге жақындағанға дейін 1 (бір) сағат бұрын, қызметкері лоцман болып табылатын ұйым, кеме капитаны және Порттың теңіз әкімшілігімен келісуі бойынша лоцманды отырғызу уақытын және шарттарын, оған қоса кеме жылдамдығын, лоцманның отырғызуы жоспарланған бортын, лоцмандық траптың жабдықталудың бөлшектерін белгілейді.

11. Егер кеме лоцманды қабылдау жеріне бекітілген уақытта келмеген болса немесе кеменің лоцманды қауіпсіз қабылдауға мүмкіндігі болмаса, осы жағдайларға әкелген себептерді жойғанға дейін қызметкері лоцман болып табылатын ұйымы лоцмандық алып өту қызметін көрсетуден бас тартады. Бұл жағдайда кеме капитаны немесе теңіз агенті осымен байланысты шығындарды лоцманның қызмет көрсетуі үшін төлем мөлшерінде төлейді.

Қайта берілген өтініш бойынша лоцмандық алып өту қызметін көрсету жеке, бөлек қызмет ретінде төленеді.

12. Кеме капитаны лоцманды шақырып және оның қызмет көрсетуінен бас тартатын болса, онда ол шақырылған лоцманның алып өтуге тиісті лоцманның қызмет көрсетуін төлеу үшін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лоцмандық түбіртек (бұдан әрі – лоцмандық түбіртек) толтырады және оған қолын қояды.

13. Жүзуді лоцмандық алып өтумен жүзеге асыратын кеме мен лоцмандық кеме арасында тоқтаусыз және тұрақты байланыс қамтамасыз етіледі.

14. Лоцманды қабылдау және түсіру кезінде кеме капитаны лоцман кемесімен тұрақты байланыс ұстайды және онымен өз әрекеттерін келіседі. Лоцманның келу сәтінен бастап және оның кетуіне дейін кемеді халықаралық сигналдар жинағына сәйкес келетін - "Менің бортымда лоцман бар" деген "Н" (Hotel) жалауы көтеріледі.

15. Кеме капитаны лоцманды кеме бортына тез және қауіпсіз қабылдауды қамтамасыз етеді және лоцмандық кеменің зақымдалуына жол бермеу үшін барлық шаралар қабылдайды.

Егер ауа райы жағдайлары лоцманның кемеге көтерілуіне мүмкіндік бермесе, ол жағдайда кеме капитаны, қызметкері лоцман болып табылатын ұйымы және Порттың теңіз әкімшілігімен келісуі бойынша, лоцмандық алып өту лоцманның кемеге отырғызуға мүмкіндігі бар және қауіпсіз болған жерге дейін лидирлеу тәсілімен жүзеге асырылады.

Лидирлеу тәсілі кеме капитанымен келісу бойынша кемені порттан шығару кезінде де қолданылады.

16. Лоцман кемеге келген кезде кеме капитанына лоцмандық куәлігін ұсынады.

Кеме капитаны лоцмандық алып өтудің қызметін тек қана лоцманда лоцмандық куәлігі бар болған кезде ғана пайдаланады.

17. Лоцмандық алып өтуді бастар алдында лоцман:

1) лоцмандық түбіртекте жазылған мәліметтерді, кемеде және кеме құжаттарында бекітілген осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лоцмандық кәртiшкеге (бұдан әpi – лоцмандық кәртiшке) жазылған мәліметтермен сәйкестікке салыстырып қарайды;

2) кеме капитанынан навигациялық құралдардың, қозғалтқыш қондырғының, рульдік, рульдегіш, зәкір және басқа құралдардың контсруктивтік, пайдалану және ағымдағы жай-күйі туралы мәліметтерін алады;

3) кеме капитанын алдағы жүзіп барудың навигациялық гидрографиялық және гидрометеорологиялық жағдайлары, кеме қатынасының жай-күйі, сапар шегу жолындағы навигациялық және басқа қауіп-қатерлер мен ерекшеліктері туралы хабардар етеді;

4) кеме капитанын навигациялық қондырғы құралдарының сипаттамалары және сапар шегу жолындағы навигациялық бағдарлары, оларды қолдану тәсілдері мен ерекшеліктері туралы хабардар етеді;

5) кеме капитанын кемелерді лоцмандық алып өту ауданында бар КЖБЖ, басқа да теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйелері және олармен өзара іс-қимыл тәртібі туралы;

6) кемелерді лоцмандық алып өту жоспарын кеме капитанымен келіседі;

7) алдағы кемені зәкір тұрағына отырғызу және одан босатуды, айлаққа немесе шығарылатын жүк тиеу құралына арқандап байлауды кеме капитанымен келіседі;

8) кемені басқару бойынша ақпараттандыру және өкімдер беру, сондай-ақ алдағы кемені лоцмандық алып өту барысындағы сол өкімдерді орындау салдарлары бойынша бақылау тәртібін кеме капитанымен келіседі.

18. Қауіпсіз жүзу мақсатында кеме капитаны лоцманның ұсынымдарын ескереді. Рөлдеушіге барлық тапсырмаларды капитан өзі береді. Кеме капитаны мінбеден кеткен жағдайда, кеме капитанының міндеттері кеме капитанының аға көмекшісіне жүктеледі. Кеме капитанының аға көмекшісінің кеме капитанының міндеттерін орындауына кедергі болатын ерекше жағдайларда (қайтыс болуы, ауыруы және өзге де жағдайларда), кеме капитаны лоцманға оның болмайтын кезінде кемені басқаруға жауапты тұлғаны көрсетеді.

19. Кеме капитаны лоцмандық алып өтуді өткізу үшін лоцманның пайдалануына кеме радиостанциясын, басқа байланыс құралдарын, сондай-ақ кеменің навигациялық қондырғының құралдарын және қосалқы құралдарын ұсынады.

20. Лоцмандық алып өту кезінде лоцман:

1) кемелерді лоцмандық алып өту ауданында өткізілетін кеме және басқа кемелердің қауіпсіздігі үшін мағынасы бар навигациялық, гидрометеорологиялық және басқа жүзу жағдайларының кез келген өзгеруі бойынша бақылауын әрдайым жүргізеді;

2) графикалық санау, талдау, аспаптық және навигациялық параметрлерді көзбен шамалап анықтау тәсілдерін қолдана отырып, кемең орналасқан жерін үздіксіз бақылайды;

3) кемеңі лоцмандық алып өту ауданында кеме қатынасының жай-күйі бойынша әрдайым мониторинг жүргізеді (бас және жанасқан фарватер арқылы жүретін кемелердің саны мен атаулары, олардың сапар шегу реті, арқанға байлау жұмыстарын және зәкірге отырғызу мен босату бойынша маневр жасауды жүзеге асыратын кемелер, маневр жасауда шектелген, апаттық, бортында қауіпті жүктері бар кемелер және тағы басқа);

4) КЖБЖ-бен және басқа теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйелерімен, сондай-ақ порттың диспетчерлік қызметімен байланысын әрдайым ұстайды;

5) теңіз порты капитанына дереу:

теңізде жүзу қауіпсіздігіне қауіп-қатер төнуі мүмкін фарватерлердегі, арналардағы, кіреберістердегі, порт айдынындағы және кемелерді лоцмандық алып өту ауданындағы кез келген өзгерістер туралы;

ол қызмет ететін ауданындағы лоцмандық алып өтуді жүзеге асыратын кемемен және басқа кемелермен болған оқиғалар туралы;

навигациялық қоршау құралдары қызметіндегі ақаулықтар мен бұзылу туралы;

алып өтілетін кеме капитаны кемеңі мұнаймен, зиянды заттармен, ағынды сулар және қоқыспен ластауды болғызбау туралы қағидаларды, сондай-ақ шекара және кеден бақылау талаптарын орындамауы туралы хабарлайды.

21. Маневр жасауды жеделдету мақсатында кеме капитаны лоцманға рульдеушіге жүзу және маневр жасауға қатысты өкімдер беруге рұқсатын береді, бұл жағдайда кеме капитаны сол өкімдердің нәтижесінде пайда болуы ықтимал салдарлары бойынша жауапкершіліктен босатылмайды. Ал өкімдер кеме капитаны тапсырмасы бойынша берілгендей болып есептеледі.

Ағылшын тілін қолданған жағдайда лоцман барлық ұсынымдарын немесе бұйрықтарын "Теңізде байланысуға арналған Халықаралық теңіз ұйымының стандарттық сөз орамдарына" сәйкес береді.

22. Лоцмандық алып өту келесі жағдайларда тоқтатылады:

егер лоцмандық алып өтуді жүзеге асыратын кемеңің капитаны жеткілікті негізсіз лоцманның ұсынымдарын ескеріп жүрмесе немесе алып өтілетін кеме навигацияның немесе қоршаған ортаның қауіпсіздігіне қауіп-қатер төндірген жағдайда;

егер кемеңің қауіпсіз жүзуін жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтін жағдайлары бар болғанда.

Кемеңі лоцмандық алып өтуді тоқтатқан кезде, лоцман алып өтуді тоқтату себептерін көрсете отырып, өзі қызметкері болып табылатын ұйымға және Порттың теңіз әкімшілігіне дереу хабарлайды, сондай-ақ тиісті жазбаларды лоцмандық түбіртекке енгізеді және кеме журналына тиісті жазбаларды енгізуді талап етеді.

Бұл ретте кемені алып өтуді тоқтатқан лоцман навигациялық мінбеде қалады және егер кеме капитанына қауіпсіз жүзуге қажетті мәліметтер қажет болған жағдайда, лоцман оларды ұсынады.

Бұл жағдайда кеме капитаны теңізде жүзудің және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық шаралар қабылдайды және бұдан әрі теңіз портың диспетчерлік қызметтің және КЖБЖ нұсқауларын қолданады.

Қажет болған жағдайда лоцман қызмет атқаратын ұйымы лоцманды ауыстыру бойынша шараларын қабылдайды.

23. Лоцман ұсыныстарының дұрыстығына күдіктенуге жеткілікті негіздер болған кезде, кемелерді лоцмандық алып өтудің міндетті аудандарында кеме жүзуінің қауіпсіздігі мақсатында, кеме капитаны осы лоцманды ауыстыруды талап етеді.

24. Лоцманның кемені қалдырып кету кеменің қауіпсіз зәкірге отырғызылған, арқанға байланған немесе теңізге шығарылған, не лоцман ауыстырылған кезден кейін кеме капитанының келісуімен жүзеге асырылады.

Бір лоцманды басқа лоцманмен ауыстырылған жағдайда, мұндай ауыстыру кеме навигациялық мінбесінде жүргізіледі. Бұдан кейін кемені алып өту бойынша міндеттерін тапсырған лоцман, кемеден кетеді.

25. Кемеде лоцманның болуы кеме капитанының кеме басқаруға жауапкершілігін жоққа шығармайды.

26. Лоцмандық алып өту аяқталған кезде, кеме капитанының өтініші бойынша, жүкті тиеу немесе түсіру қажеттілігі, кеме тетіктері жарамсыздылығы, толық су деңгейін күту кезінде, кеменің карантинде болуы және кеме капитанның пікірі бойынша лоцманның кеңестері қажет болған басқа да жағдайларда лоцман кемеде қалады.

27. Кемелерді лоцмандық алып өту бойынша лоцманның қызметі кемелерді лоцмандық алып өту бойынша қызметті көрсететін ұйымдар бекітетін мөлшерде төленеді. Лоцманның көрсетілген қызметін куәландыру негізі ретінде, кеме капитаны қол қойған және кеме мөрімен расталған лоцмандық түбіртек болып табылады.

28. Егер лоцман алып өтетін кемемен, кемеге тәуелсіз және кемені қауіпсіз тастауға мүмкіндік бермеген себептерге байланысты, ол қызмет көрсететін ауданнан тыс әкетілген жағдайда, осы кеменің иесі немесе теңіз агенті оны тұрақты жұмыс орнына қайтып келуін қамтамасыз етеді (жол жүру билеті, қайтып келу уақытына тәуліктік ақысы, қонақ үйінде тұру және өзге де), және қызметкері лоцман болып табылатын ұйымдағы лоцмандар үшін бекітілген нормалар бойынша төлемді өтейді.

29. Кемені лоцмандық алып өтуге шағымдар бар болған жағдайда, кемені лоцмандық алып өту қорытындысы бойынша кеме капитаны лоцмандық түбіртекке тиісті жазбаларды енгізеді.

## **2-параграф. Кемелерді міндетті емес лоцмандық алып өту**



30. Кемелерді лоцмандық алып өту міндетті болып табылмайтын аудандарда кеме капитаны өзінің қалауы бойынша лоцманның қызметтерін пайдаланады, осындай кемелерді лоцмандық алып өтуге осы Тараудың 1-параграфтың ережелері қолданылады.

31. Кемелерді лоцмандық алып өту міндетті емес аудандарда теңіз портының капитаны:

1) кеме немесе ол тасымалдап келе жатқан жүк теңіз ортасына зиян келтіруі мүмкін болған;

2) кеменің корпусында, механизмдерінде немесе жабдықтарында порттағы теңізде жүзу қауіпсіздігіне едәуір ықпал жасауы мүмкін елеулі ақаулары болған жағдайларда кемелерді міндетті лоцмандық алып өтуді белгілейді. Бұл жағдайда кеме капитанына теңіз портының капитаны оның кемесі міндетті лоцмандық алып өтуге еріп отыруға тиіс екендігі туралы хабарлайды.

32. Лоцман ұсыныстарының дұрыстығына күдіктенуге жеткілікті негіздер болған кезде, кемелерді лоцмандық алып өтудің міндетті емес аудандарында кеме жүзуінің қауіпсіздігі мақсатында, кеме капитаны осы лоцманның қызмет көрсетуінен бас тартады.

### **3-параграф. Лоцманды біліктілік дәрежесінен айыру тәртібі және жағдайлары**

33. Лоцманды біліктілік дәрежесінен айыру, лоцманнан лоцмандық куәліктің алынуы арқылы жүзеге асырылатын, лоцманды алты айдан бастап үш жылға дейінгі мерзімге лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру құқығынан айыру деп ұғынылады.

34. Тиесілі емес лоцмандық алып өтуге кінәлі лоцман, біліктілік дәрежесінен біліктілік комиссиясымен айырылады.

35. Біліктілік комиссиясы теңіз портының капитаны басшылығымен, оған кемінде төрт адам құрайтын комиссия мүшелерінің қатысуымен құрылады, оның ішінде екеуі - Порттың теңіз әкімшілігі, екеуі - қызметкері лоцман болып табылатын ұйымның өкілдері болып табылады.

36. Тиесілі емес лоцмандық алып өтуге кінәлі лоцман, оның лауазымдық міндеттерін орындау кезіндегі іс-қимылы (іс-қимылсыздығы) нәтижесінде туындаған келесі жағдайларда біліктілік дәрежесінен айырылады:

1) осы лоцман алып өтетін кеменің экипажы және адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндірген жағдайлар;

2) осы лоцман алып өтетін кеменің авариялық жағдайлары;

3) осы лоцман алып өтетін кемеден қоршаған ортаның ластануы.

37. Осы Қағидалардың 36-тармағында көрсетілген жағдайларда, кеме капитаны олар туралы Порттың теңіз әкімшілігін, кеме иесін немесе теңіз агентін дереу хабардар етеді және лоцмандық түбіртекке тиісті жазбаларды енгізеді.

38. Порттың теңіз әкімшілігі кеме капитанның хабарын қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде, қызметекері - тиесілі емес лоцмандық алып өтуге кінәлі лоцман болып табылатын ұйымға, біліктілік комиссия құру туралы еркін нысанындағы хабарламаны жолдайды.

39. Біліктілік комиссиясы, қызметекері лоцман болып табылатын ұйымның біліктілік комиссия құру туралы еркін нысанындағы хабарламаны қабылдаған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде өткізіледі. Тиесілі емес лоцмандық алып өтуге кінәлі лоцманның біліктілік комиссияның отырысында жоқ болуы, біліктілік комиссия өткізу үшін бөгет болып табылмайды.

40. Біліктілік комиссияның лоцманды біліктілік дәрежесінен айыру туралы шешімі, біліктілік комиссия жұмысының басталу күнінен бастап кемінде он жұмыс күн ішінде шығарылады. Біліктілік дәрежесінен айыру туралы шешімнің шығарылу күнінен бастап үш жұмыс күн ішінде біліктілік дәрежесінен айырылған лоцманның лоцмандық куәлігі, ол қызметекері болып табылатын ұйымымен алынады және Порттың теңіз әкімшілігіне тапсырылады.

41. Лоцманның біліктілік дәрежесінен айыру мерзімі аяқталған соң, Порттың теңіз әкімшілігі лоцмандық куәлікті он жұмыс күн ішінде қызметекері лоцман болып табылатын ұйымға тапсырылады. Бұл ретте, қызметекері осы лоцман болып табылатын ұйымы, оның кемелерді лоцмандық алып өтуді қайта бастау үшін қажетті кәсіби білімі мен дағдыларын тексеруді өткізеді.

42. Біліктілік комиссиясының дисквалификация туралы шешіміне шағым Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабына сәйкес беріледі.

**Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 281 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Кемелерді лоцмандық алып  
өтуді жүзеге асыру қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

№ \_\_\_\_\_ лоцмандық куәлік /  
Лоцманское удостоверение № \_\_\_\_\_ /  
Pilot certificate № \_\_\_\_\_

---

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде) / фамилия, имя, отчество (при его наличии) / last name, first name, patronymic (if it presents)

ол, теңіз лоцманы болып табылатыны жөнінде берілген / выдано в том, что он является морским лоцманом / issued in the fact that he is a sea pilot \_\_\_\_\_

---

(лоцмандық ұйымның атауы / наименование лоцманской организации / name of the pilot organization)

кемелерді лоцмандық алып өтуді жүзеге асыруға құқығы бар / с правом осуществления лоцманской проводки судов / with the right implementation of the pilotage conducting vessels \_\_\_\_\_

---

---

(кемелердің мөлшері және типі / размеры и типы судов / demensions and types of vessels)

кемелерді лоцмандық алып өту ауданында / в районе лоцманской проводки судов / in the area of the pilotage conducting vessels \_\_\_\_\_

---

---

(бастап және дейін немесе акватория шегінде / от и до или в пределах акватории / (from and to or within the waters)

Фотосурет орны/ Лоцман қызмет атқаратын ұйымның басшысы /

Место для фотографии/ Руководитель организации, в которой работает

Place for photo лоцман / The head of the organization, in which

the pilot works \_\_\_\_\_

---

(порт атауы / название порта / name of the port)

---

(қолы / подпись / signature)

Берілген күні / Дата выдачи / Date of issue 20 \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ "

Дейін жарамы / Действительно до / Valid until 20 \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ "

Дейін ұзартылды / Продлено до / Extended until 20 \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ "

Теңіз портының капитаны / Капитан морского  
порта / Harbour master \_\_\_\_\_

---

(теңіз портының атауы / название морского  
порта / name of the seaport )

---

(қолы / подпись / signature)

---

№ \_\_\_\_\_ лоцмандық түбіртек /  
Лоцманская квитанция № \_\_\_\_\_ /  
Pilot's bill № \_\_\_\_\_

Теңіз лоцманның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде) / Фамилия, имя, отчество (при его наличии) морского лоцмана / Sea pilot's surname, first name, patronymic (if it presents) \_\_\_\_\_

Лоцмандық ұйымның атауы / Наименование лоцманской организации / Name of the pilot organization \_\_\_\_\_

Кемеңіздің атауы / Название судна / Vessel's name \_\_\_\_\_

Кеме жалауы / Флаг судна / Flag of the vessel \_\_\_\_\_

Халықаралық теңіз ұйымның нөмірі / Номер Международной морской организации / International Maritime Organization number \_\_\_\_\_

Кеме шақыру белгілері / Позывные судна / Call sign of vessel \_\_\_\_\_

Кеме типі / Тип судна / Type of the vessel \_\_\_\_\_

Кеме мөлшері / Размещения судна / Demensions and types of the vessel:

ұзындығы / длина / length \_\_\_\_\_ ені / ширина / breadth \_\_\_\_\_ борт биіктігі / высота борта / depth \_\_\_\_\_

Кеме сыйымдылығы / Вместимость судна / Capacity of the vessel:

таза / чистая / net \_\_\_\_\_ жалпы / валовая / gross \_\_\_\_\_

Кеме шөгугі / Осадка судна / Dranght of the vessel:

ұшы / нос / fore \_\_\_\_\_ артқы жағы / корма / stern \_\_\_\_\_

Кіретін соңғы порты / Последний порт захода / Last port of call \_\_\_\_\_

Баратын порты / Порт назначения / Destination port \_\_\_\_\_

Жүктің (жолаушылар) түрі мен саны / Вид и количество груза (пассажиров) /

The type and quantity of cargo (passengers) \_\_\_\_\_

Кеме иесінің атауы / Наименование судовладельца / Name of shipowner \_\_\_\_\_

Кеме агентінің атауы / Наименование агента судна / Name of vessel agent \_\_\_\_\_

Лоцманның кемеге келу уақыты / Время прибытия лоцмана на судно / The pilot embarked on at: күні / дата / date \_\_\_\_\_ уақыты / время / time \_\_\_\_\_

Лоцманның кемеден кету уақыты / Время убытия лоцмана с судна / Time of the pilot departure from the vessel: күні / дата / date \_\_\_\_\_ уақыты / время / time \_\_\_\_\_

Кеме алып өтілген / Судно проведено / Vessel piloted:

бастап / от / from \_\_\_\_\_ дейін / до / to \_\_\_\_\_

Кемеңіздің лоцмандық алып өтумен өткен миль саны / Количество миль, пройденных судном под проводкой лоцмана / Milage travelled by vessel under pilotage conducting \_\_\_\_\_

Қолданылатын буксирлік қамтамасыз ету / Используемое буксирное обеспечение /  
Used towing services \_\_\_\_\_

Кемелер жүрісін басқару жүйесінің қызметтері / Услуги системы управления  
движения судов / Ship traffic management system's services \_\_\_\_\_

Кеме капитанының ескертпелері / Замечания капитана судна / Shipmaster's remarks \_\_\_\_\_

Кеме капитанының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде) / Фамилия, имя,  
отчество (при его наличии) капитана судна / Shipmaster's surname, first name, patronymic  
(if it presents) \_\_\_\_\_

Кеме мөрі (кеме штампы) / Кеме капитанының қолы / Подпись

Судовая печать (судовой штамп) / капитана судна / Shipmaster's signature

Vessel's print (vessel's stamp) \_\_\_\_\_

Күні / Дата / Date \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ " \_\_\_\_ "

Нысан

**Лоцмандық кәртiшке /**

**Лоцманская карточка /**

**Pilot's card**

Кеменің атауы / Название судна / Vessel's name \_\_\_\_\_

Кеме жалауы / Флаг судна / Flag of the vessel \_\_\_\_\_

Кеме шақыру белгілері / Позывные судна / Call signs of vessel \_\_\_\_\_

Кеме сыйымдылығы / Вместимость судна / Capacity of the vessel:

таза / чистая / net \_\_\_\_\_ жалпы / валовая / gross \_\_\_\_\_

Кеме салынған жылы / Год постройки судна / Year of construction \_\_\_\_\_

Салынған жері / Место постройки / Construction place \_\_\_\_\_

Кеме шөгуі / Осадка судна / Draught of the vessel:

ұшы / нос / fore \_\_\_\_\_ м / m \_\_\_\_\_ фут / foot

артқы жағы / корма / stern \_\_\_\_\_ м / m \_\_\_\_\_ фут / foot

Әрекеттегі шөгу бойынша су ығыстыру / Водоизмещение на действующую осадку /

Displacement to the current precipitate \_\_\_\_\_ тонна / ton

Кеме ерекшеліктері / Особенности судна / Features of the vessel

Кеме ұшы мен арты қималары арасындағы ұзындығы / Длина между носовым и  
кормовым срезами / Length between the fore and stern cuts \_\_\_\_\_ м / m

Перпендикулярлар арасындағы ұзындығы / Длина между перпендикулярами /  
Length between perpendiculars \_\_\_\_\_ м / m

Цилиндрлік ендімесінің ұзындығы / Длина цилиндрической вставки / Length of the cylindrical insert: жүкпен / в грузу / with a cargo \_\_\_\_\_ м / m

балластпен / в балласте / ballasted \_\_\_\_\_ м / m

Ең үлкен ұзындығы / Длина наибольшая / Maximum length \_\_\_\_\_ м / m

Ені / Ширина / Breadth \_\_\_\_\_ м / m

Ұштық бульбаның болуы / Наличие носового бульба / Presence of bulbous fore \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ ия / да / yes \_\_\_\_\_ жоқ / нет / no

Ұштық қимасынан бастап алдыңғы бөліктің қондырмасына дейінгі аралық /  
Расстояние от носового среза до лобовой части надстройки / Distance from the fore cut to the front part of the superstructure \_\_\_\_\_ м / m

Кеме арты қимасынан бастап алдыңғы бөліктің қондырмасына дейінгі аралық /  
Расстояние от кормового среза до лобовой части надстройки / Distance from the stern cut to the front part of the superstructure \_\_\_\_\_ м / m

Ұштық қимасынан бастап манифолдқа дейінгі аралық / Расстояние от носового среза до манифолда / Distance from the fore cut to manifold \_\_\_\_\_ м / m

Зәкір шынжырлары / Якорные цепи / Anchor chains:

Сол жақ / Левая / Left \_\_\_\_\_ жапсарлас / смычек / bow

Оң жақ / Правая / Right \_\_\_\_\_ жапсарлас / смычек / bow

Кормовая / Кеме арты / Stern \_\_\_\_\_ жапсарлас / смычек / bow

1 зәкір жапсарластың ұзындығы / Длина 1 якорной смычки / Length of the 1 anchor bow \_\_\_\_\_ м / m \_\_\_\_\_ см / cm

Кеменің су үстіндегі биіктігі / Высота судна над водой / height of the vessel above the water: жүкпен / в грузу / with a cargo \_\_\_\_\_ м / m, \_\_\_\_\_ см / cm

балластпен / в балласте / ballasted \_\_\_\_\_ м / m, \_\_\_\_\_ см / cm

Кеменің кильден бастап ең жоғарғы нүктеге дейінгі биіктігі / Высота судна от киля до наивысшей точки / Height of the vessel from the keel to the highest point \_\_\_\_\_ м / m, \_\_\_\_\_ см / cm

Бұрандалар саны / Количество винтов / Number of propellers: оң айналым / правого шага / right step \_\_\_\_\_, сол айналым / левого шага / left step \_\_\_\_\_

Қозғалтқыш типі / Тип двигателя / Engine's type \_\_\_\_\_

Ең жоғарғы қуаттылығы / Максимальная мощность / Maximum capacity \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ кВт/ kW \_\_\_\_\_ а.к. / л.с. / h.p.

Кеме энергетикалық қондырғының маневрлік режимдері / Маневренные режимы судовой энергетической установки / Manoeuvring modes of vessel power plant:

Минутына айналымы/ Оборот в минуту / Turnover per minute \_\_\_\_\_

Реттелген айналым бұрандасының айналымы / Шаг винта регулируемого шага / Controllable pitch propeller's step \_\_\_\_\_

Жылдамдығы (торап) / Скорость (узлы) / Speed ( knot): жүкпен / в грузу / with a cargo \_\_\_\_\_ балластпен / в балласте / ballasted \_\_\_\_\_

Алдыңғы толық / Передний полный / Front full \_\_\_\_\_

Алдыңғы орташа / Передний средний / Front middle \_\_\_\_\_

Алдыңғы кіші / Передний малый / Front small \_\_\_\_\_

Алдыңғы ең кіші / Передний самый малый / Front smallest \_\_\_\_\_

Артқы ең кіші / Задний самый малый / Rear smallest \_\_\_\_\_

Артқы кіші / Задний малый / Rear small \_\_\_\_\_

Артқы орташа / Задний средний / Rear middle \_\_\_\_\_

Артқы толық / Задний полный / Rear full \_\_\_\_\_

Артқы жүріс режимдегі жұмыстың шекті уақыты / Предельное время работы в режиме заднего хода / Limit time in the reverse mode \_\_\_\_\_ минут / minute

Алдыңғы толықтағы уақыттан – артқы толықтағы / Время с Переднего полного – на задний полный / Time from a front full – to buck full \_\_\_\_\_ секунд / second Тізбектеліп іске қосудың ең жоғарғы саны / Максимальное количество последовательных пусков / Maximum amount of consecutive starts \_\_\_\_\_

Ең кеміндегі тұрақты айналымдар / Минимально-устойчивые обороты / Minimum stable turnover \_\_\_\_\_ минутына / в минуту / in a minute

Ең кеміндегі тұрақты айналымдардың жылдамдығы / Скорость при минимально устойчивых оборотах / Speed at stable turnover \_\_\_\_\_ торап / узлов / knot

Артқы жүрістің қуаттылығы алдыңғы жүрістің қуаттылығының / Мощность заднего хода от мощности переднего хода / Power reverse from the power forward stroke \_\_\_\_\_ %

Рульдік құрылғының сипаттамасы /

Характеристики рулевого устройства /

Features of the rudder gear

Рульдер саны / Количество рулей / Number of rudders \_\_\_\_\_ Руль типі / Тип руля / Type of rudder \_\_\_\_\_ Ауыстырудың ең үлкен бұрышы / Максимальный угол перекладки / Maximum angle of rudder \_\_\_\_\_ градус / degree

Борттан бортқа ауыстыру уақыты / Время перекладки с борта на борт / Time rudder from side to side:

бір жетек құрылғының (насос) кезінде / при одном приводном устройстве (насосе) / one drive unit (pump) \_\_\_\_\_ секунд / seconds

екі жетек құрылғылар (насосар) кезінде / при двух приводных устройствах (насосах) / two drive unit (pumps) \_\_\_\_\_ секунд / seconds

Бұrandаның капталдық күштері орнын толтыру үшін рульдің орташа күйі / Среднее положение руля для компенсации боковых сил винта / Average position rudder for compensation of lateral forces of the propeller \_\_\_\_\_ градус / degree

Бұrandаның жұмыс істемеген жағдайда кеменің бағытты ұстап тұруы кезіндегі (рульге бағынуы) ең аз жылдамдығы / Минимальная скорость судна при неработающем винте, когда судно удерживается на курсе (слушается руля) /

Minimum speed at the non-operating propeller when the vessel is held on the course (answer the helm) \_\_\_\_\_ торап / узлов / knot

Рульдеу құрылғыларының саны / Количество подруливающих устройств /

Number of thrusters \_\_\_\_\_ дана / штук / piece

Кеме ұшы рульдеу құрылғысының қуаттылығы / Мощность носового подруливающего устройства / Power of fore thruster \_\_\_\_\_ кВт/ kW \_\_\_\_\_ а.к. / л.с. / h.p.

Кеме арты рульдеу құрылғысының қуаттылығы / Мощность кормового подруливающего устройства / Power of stern thruster \_\_\_\_\_ кВт/ kW \_\_\_\_\_ а.к. / л.с. / h.p.

Құрал-жабдықтың бар болуын және оның даярлығын тексеру /

Проверка наличия оборудования и его готовности /

Check availability of t(he equipment and its readiness

Зәкір / Якорь / Anchor \_\_\_\_\_ Штаттық орындарда / На штатных местах /

In the regular places \_\_\_\_\_ ия/ да / yes \_\_\_\_\_ жоқ / нет / no

Ысқырғыш / Свисток / Whistle \_\_\_\_\_ Жалаулар / Флаги / Flags \_\_\_\_\_

3 см диапазонды радиолокациялық станция / Радиолокационная станция 3 см диапазона / 3 cm range radar station \_\_\_\_\_ Автоматты радиолокациялық салу құралы / Средство автоматической радиолокационной прокладки / Automatic radar driving device \_\_\_\_\_ ия/ да / yes \_\_\_\_\_ жоқ / нет / no

10 см диапазонды радиолокациялық станция / Радиолокационная станция 10 см диапазона / 10 cm range radar station \_\_\_\_\_ Автоматтандырылған радиолокациялық құрал / Средство автоматической радиолокационной прокладки / Automatic radar plotting device \_\_\_\_\_ ия/ да / yes \_\_\_\_\_ жоқ / нет / no

Лаг /Log \_\_\_\_\_ Суға қатысты / Относительно воды / Regarding water \_\_\_\_\_ Топыраққа қатысты / Относительно грунта / Regarding soil \_\_\_\_\_

Жылдамдықты өлшеу / Измерение скорости / Speed measurement:

бір білік бойынша / по одной оси / along one axis \_\_\_\_\_

екі білік бойынша / по двум осям / along two axis \_\_\_\_\_

Эхолот / Echo sounder \_\_\_\_\_

Кеме орналасуын автоматты орнатушы / Автопрокладчик местоположения судна / Autoplotter of position of the vessel \_\_\_\_\_ Тип / Type

Бағытты көрсету жүйесі / Система курсоуказания / Course indication system \_\_\_\_\_ Гирокомпасы оңалту / Поправка гирокомпаса / Amendment gyro-compass \_\_\_\_\_ градус / degree

Рульдің жұмыс жасайтын жетек құрылғылардың саны / Число работающих приводных устройств руля / Number of working rudder drive units \_\_\_\_\_

Рульдің бағыттаушысы / Указатели руля / Rudder pointers:



Аксиометр / Helm indicator \_\_\_\_\_ Бұрылыс жылдамдығының тахометрі /  
Тахометр скорости поворота / Tachometer of rotation speed \_\_\_\_\_

Машиналық телеграфтар / Машинные телеграфы / Engine telegraph \_\_\_\_\_  
Ультрақысқа толқынды радиобайланыс / Ультракоротковолновая радиосвязь/  
Ultra-short wave radio communication \_\_\_\_\_

Спутникалық радионавигациялық жүйелері / Системы спутниковой радионавигации  
/ Systems of satellite navigation \_\_\_\_\_ Тип / Type

Арқандаулы жүкарба мен тростар / Швартовные лебедки и тросы / Mooring winches  
and ropes \_\_\_\_\_

Құрал-жабдықтағы ақаулардың бар болуы /

Наличие дефектов в оборудовании /

The presence of defects in equipment

---

---

---

---

---

---

Басқа да маңызды ақпарат /

Другая важная информация /

Other important information

---

---

---

---

---

---

Кеме капитанының қолы / Подпись капитана  
судна / Shipmaster's signature

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде) /  
фамилия, имя, отчество (при его наличии) /  
surname, first name, patronymic (if it presents)

\_\_\_\_\_

(колы / подпись / signature)

Күні / Дата / Date 20 \_\_\_\_ " \_\_\_\_ "

